

"Terra Exploration" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 21 шілдедегі № 230 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17- бабының 5- 1) тармақшасына, 69, 71-1- баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Terra Exploration" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2031 жылғы 19 маусымға дейінгі мерзімге жер учаскелерін алып қоймай, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының жерлерінде орналасқан жалпы ауданы – 1,7912 гектар жер учаскелеріне қаумдық сервитут белгіленсін.

2. "Terra Exploration" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. Барлау жұмыстарын жүргізу мерзімін, олардың нақты орнын, шығындарды өтеу және жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді айқындау мақсатында уәкілетті органдармен пайдаланған жер учаскелерін жарамды күйде тапсыруға міндетті.

4. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

Қарқаралы ауданының әкімі

С.Мусин

Қарқаралы ауданының әкімдігінің

2026 жылғы "___" _____

№ _____ қаулысына қосымша

"Terra Exploration" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

				қауымдық сервитут белгіленуге
--	--	--	--	----------------------------------

№	Орналасқан жері	Кадастырлық номері	Жалпы көлемі, га	ж а т а т ы н учаскелердің бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында) га;
1	Жумажанов Бауыржан Қуанович	09:133:040:122	2000,0000	1,7912
	Барлығы			1,7912

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК